КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 22 қараша № 1112-24-00-2/3615 іс Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.С.Бегенбаева қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕРЛЕР:
«ГрадСтройСервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. тұрақсыз айыбын өндіріп алу туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 147 бабын басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

Талап қоюшы «Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «ГрадСтройСервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыз айыбын өндіріп алу туралы талап арызы – қанағаттандырылсын.

«ГрадСтройСервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«ГрадСтройСервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттік пайдасына 3 003 222 (үш миллион үш мың екі жүз жиырма екі) теңге тұрақсыз айыбы, 91 942,66 (тоқсан бір мың тоғыз жүз қырық екі) теңге (алпыс алты) тиын сот шығыны өндірілсін.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.С.Бегенбаева

Құжатқа қол қойылған: Бегенбаева А. С., 22.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 31.12.2024, судья Бегенбаева А. С., 10.01.2025

1112-24-3-1/3620